

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 149 және "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі" 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 150 бұйрықтарына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 15 мамырдағы № 228 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 149 бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

5 "Бюджеттік кредиттерді өтеу" санатында:

01 "Бюджеттік кредиттерді өтеу" сыныбында:

1 "Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу" кіші сыныбында: мынадай мазмұндағы 24 және 25 ерекшеліктермен толықтырылсын:

"24 Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген бюджеттік кредиттерді өтеу

25 Мамандандырылған ұйымдарға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген бюджеттік кредиттерді өтеу";

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

06 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық тобында:

9 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

213 "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

058 "Республикалық деңгейде халықты әлеуметтік қорғау және көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру және инфрақұрылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 110 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"110 Республикалық деңгейдегі мемлекеттік әлеуметтік қорғау ұйымдарының күрделі шығыстары";

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобында:

2 "Спорт" функционалдық кіші тобында:

650 "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

036 "Жоғары жетістіктер спортын дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 101 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"101 Республикалық бюджет қаражаты есебінен спорт объектілерін салу, реконструкциялау";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобында:

2 "Су шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

652 "Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

254 "Су ресурстарын тиімді басқару" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 108 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"108 Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау";

9 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер" функционалдық кіші тобында:

243 "Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 214 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"214 Ауыл халқының кірісін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану мақсатында ауыл халқына микрокредиттер беру үшін облыстық бюджеттерге кредит беру";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымында:

160 "Басқа да ағымдағы шығындар" кіші сыныбында:

жол

"

Киімдерді, аяқ киімдерді, оқулықтарды, оқу құралдарын, мектеп
--

	163	Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары	Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын жалпы білім беретін мектептер мен мектептердің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің санаттарына қаржылай және материалдық көмек көрсетуге арналған шығындар	жазба керек жарақтарын сатып алу; ақшалай көмек көрсету; санаторий-курорттық мекемелерге және демалыс лагерлеріне жолдамалар сатып алу; оқушылардың мәдени бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуын қаржылық қамтамасыз ету, жалпы білім беретін пәндер бойынша қосымша сабақтар ұйымдастыру
--	-----	--	---	---

"

мынадай редакцияда жазылсын:

"

	163	Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары	Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын жалпы білім беретін мектептер мен мектептердің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің санаттарына қаржылай және материалдық көмек көрсетуге арналған шығындар	Киімдерді, аяқ киімдерді, оқулықтарды, оқу құралдарын, мектеп жазба керек жарақтарын сатып алу; мектептерде тамақтандыруды қамтамасыз ету; ақшалай көмек көрсету; санаторий-курорттық мекемелерге және демалыс лагерлеріне жолдамалар сатып алу; оқушылардың мәдени бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуын қаржылық қамтамасыз ету, жалпы білім беретін пәндер бойынша қосымша сабақтар ұйымдастыру
--	-----	--	---	--

"

ерт есебіне н респуб ликал ы қ бюдже ттен 2024 жылғы 1 қаңтар ға дейін берілге н бюдже ттік кредит терді өтеу				24								
Маман данды рылған ұйымд арға Қазақс тан Респуб ликасы ның Ұлтты қ қорын а н берілет і н нысана л ы трансф ерт есебіне н респуб ликал ы қ бюдже ттен 2024 жылғы 1 қаңтар ға дейін	5	01	1						100			

берілген бюджеттік кредиттерді өтеу			25									
--	--	--	----	--	--	--	--	--	--	--	--	--

".

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында оның орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің міндетін атқарушы

Е. Біржанов